

Тамақтану сапасына мониторинг жүргізетін топ отырысының

№ 6 хаттамасы

« 9 » сәуір 2020 жыл

Комиссия төрағасы - мектеп директоры Бектурганова Б.Р.

Комиссия мүшелері: ТЖДО Байте Алибек

Ата-ана комитеті Плотницкая Л.Г.

Ата-ана комитеті Хуанда Маржан

Әлеуметтік педагог Бахыт Г

1. 2019-2020 оқу жылының III оқу тоқсанының басталуына байланысты мектеп асханасының дайындығы және тамақ сапасын бақылау жөнінде жүргізілген зерттеу нәтижесі
2. Мектепте барлық I сынып оқушыларының тегін тамаққа енгізілуіне сәйкес мектеп асханасындағы тамақтану кестесін ұйымдастыру, санитарлық талаптардың сақталуын қадағалау

Бірінші сұрақ бойынша ТЖДО орынбасары Байте Алибек білім беру ұйымдарындағы тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссияларға арналған жаднама негізінде бақылау жүргізіліп, соның нәтижесінде тамақтануға қойылған талаптардың толық сақталғаны жөнінде хабарлайды. Ата-ана комитеті Хуанда Маржан тамақ дайындау кезінде санитарлық-гигиеналық нормалардың бұзылуы анықталмағанын атап өтті. Асханада тазалық жұмыстары жүргізілген, тағам өнімдерін сақтау орындары таза. Тоназытқыш, тамақ пісіру пештері жұмыс жасап тұр.

Екінші сұрақ бойынша мектептің әлеуметтік педагогы Бахыт Гулнур толық I сынып оқушыларының тегін тамаққа енуіне байланысты, тамақтану кестесін ұйымдастыру керектігін ескертті. Сонымен қатар оқушылардың асханаға келіп-кету кезіндегі санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын және кезекші мұғалімдердің кезекшілігін уақытында ұйымдастыру керектігін алға тартты.

ШЕШІМ:

1. Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия мектеп асханасында санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын бақылауды жалғастырсын.
2. Кезекші мұғалімдер кезекшілікті кесте бойынша қатаң түрде жүзеге асырады.

Мектеп директоры

Бектурганова Б.Р.

Комиссия мүшелері:

ТЖДО Байте Алибек

Ата-ана комитеті Плотницкая Л.Г.